



**«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы» журналының
РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

Журналдың мақсаты филология мәселелерін шешуде қазақстандық академиялық ғылым дәстүрлерін әлемдік филологиялық жетістіктерімен байланыстыру арқылы кешенді тәсілді іске асыру үшін шығармашылық пікірталас алаңын құру болыш табылады.

Журналдың міндеттері:

- филология ғылымдары бойынша өзекті мәселелер бойынша зерттеу нәтижелерін жариялауға мүмкіндік беру;
- географиялық және институционалдық шенберлерге қарамастан филология саласындағы жаңа зерттеулермен ғылымды байту;
- шолу процесіне білімнің тиісті салаларындағы жетекші ғалымдар мен мамандарды тарту арқылы ғылыми жарияланымдарға әлемдік стандарттарды енгізу;
- отандық және шетелдік мамандандырылған деректер қорларында ғылыми жарияланымның рейтингін көтеру;
- ғылыми ортада отандық және әлемдік зерттеу зерттеулерінің нәтижелерін тарату;
- журналды «ашық қолжетімді» ғылыми басылым ретінде дамыту;
- журналдың халықаралық деректер базаларында және ашық электронды ресурстарда болуын көнектізу;
- шетелдік оқырмандар үшін журналдың қолжетімділігін арттыру - зерттеудің мәнін ағылшын тілінде (*Abstract*), түйін сөздерді (*Keywords*) көнектілген баяндауды жариялау және латын әліпбійндегі (*References*) әдебиеттер тізімін қайталау.

Тақырыптық бағыт: филология (лингвистика, әдебиеттану, аударматану, тіл және әдебиетті оқыту әдістемесі).

Жарияланым тілдері: казак, орыс, ағылшын.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Ашық қол жетімділік саясаты. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» ашық қолжетімділік журналы болыш табылады, яғни жарияланған мақалалардың барлығы еркін және тегін қолжетімді. Зерттеу нәтижелеріне ашық қолжетімділік жалпыға бірдей білімнің артуына ықпал етеді деген қағидаға сүйене отырып, журнал мақалалары барлық тілек білдірушілерге сайт мұрағатында тікелей қол жетімді.

Мұрағаттау. Ғылыми журналдың электрондық нұсқалары қорды қалыптастыру және электрондық кітапханаға енгізу үшін EBSCO, «ҰМФТСО» АҚ-ға ұсынылады. Журналға шыққан мақалалар Elibrary.ru деректер базасында индекстеледі.

Жариялау шарттары. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» журналының редакциясына түскен қолжазбалардың барлығы міндетті түрде анонимді рецензиялаудан өтеді. Алынған шолулар негізінде журналдың редакциялық алқасы қорытынды шешім қабылдайды.

Лицензиялау. «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» ғылыми журналы Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясы бойынша оның мазмұнына тегін қол жеткізуі қамтамасыз өтеді. Авторлар өздерінің авторлық құқықтарын сақтайды және жұмыстың

авторы және осы журналға сілтеме көрсетілген жағдайда материалды еркін көшіру және тарату мүмкіндігіне ие.

МАҚАЛАЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ

1. Автор жіберген мақала журнал редакциясына түседі (қолжазбаның екі нұсқасы, оның бірінде авторлар туралы мәліметтер (аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы мәліметтер болмауы керек). Журналдың техникалық хатшысы қолжазбаның техникалық талаптарға сәйкестігін тексереді. Автор мақаламен бірге журнал редакциясына мақаланың өзіндік сипатта жазылғандығы туралы Ілеспе хат, мақаланы plagiat мәніне тексеруге, әртүрлі деректер базасына және ақпараттық жүйелерге, оның ішінде толық мәтінді нұсқаларға енгізуге, жарияланған және баспағерге айрықша құқықтар берілген жағдайда келісімін беруге құқылы.

2. Журналдың техникалық хатшысы plagiatқа арналған автоматты тексерудің лицензиялық жүйесі арқылы мақаланы орындау дербестігіне тексеруді жүзеге асырады (<https://antiplagiat.enu.kz>). Мақаланы plagiatқа автоматты тексеру нәтижесі бойынша бойынша толық электронды есеп жүктеледі. Қанағаттанарлық нәтиже алмаған мақалалар (жұмыстың түпнұсқалық көрсеткіші 70%-дан кем, жасанды интеллектпен жасалған мәтіндер) одан әрі қарастыруға қабылданбайды. Журналдың техникалық хатшысы бұл туралы негізгі авторға/хат-хабар авторына хабар береді.

3. Журналдың техникалық хатшысы түпнұсқалықтың қажетті межесінен өткен мақаланы бас редакторға (бағыт бойынша жауапты редакторға (бас редактордың орынбасарына) жібереді. Бас редактор (жауапты редактор (бас редактордың орынбасары) бағыт бойынша) мақаланың журнал тақырыбына сәйкес келуін қарастырады. Мақала сәйкес келмеген жағдайда, редакция авторға жариялаудан бас тарту негіздемесімен бірге хат жолдайды.

4. Бас редактор (бағыт бойынша жауапты редактор) бастапқы іріктеуден өткен әрбір мақалага ғалым немесе тиісті тақырып бойынша маман рецензентті тағайындаиды.

5. Журналдың техникалық хатшысы журналда мақала жариялау мүмкіндігін анықтау үшін рецензентке plagiatқа тексеру туралы толық есеппен бірге мақаланы жібереді.

6. Журналда «екіжақты жасырын» рецензиялау әдісі қолданылады, онда редакция авторлар мен рецензенттердің есімдерін күпия сақтайты. Рецензент журнал редакциясына зерттелетін тақырыптың өзектілігін, автордың ғылыми салаға қосқан үлесін, алынған нәтижелердің деңгейін қамтитын мақала бойынша негізделген рецензияны ұсынады. Барлық рецензиялар мақаланы жариялауға ұсыну (түзетуге жіберілген немесе өзгеріссіз) немесе оның қайтарылуы туралы толық ақпаратқа ие. Әр мақалага екі рецензент тағайындалады. Екі рецензияның бірі оң, екіншісі теріс болған жағдайда мақала үшінші рецензенттің қарауына жолданады.

7. Рецензияны қайта қарау үшін алған жағдайда автор мүмкіндігінше қысқа мерзімде мақаланың түзетілген нұсқасын ұсынуы қажет. Бұдан кейін мақаланың жөнделген/түзетілген нұсқасы рецензентке қайта қарастыруға жіберіледі. Қарастыру мақала бойынша рецензенттің соңғы шешімін алғанға дейін жалғасады. Рецензенттің ескертулерімен келісіп, бірақ оларды түзетуге ниет білдірмеген жағдайда (ескертулерді толық жоймай мақаланы үшінші рет ұсынғаннан кейін) мақала қабылданбайды. Рецензенттің ескертулерімен келісіпеген жағдайда автор/авторлар журналдың бас редакторына негіздемеге сүйенген хат жібереді. Бас редактор автордың/авторлардың етінішін қарастыра отырып, шешім қабылдайды.

8. Мақала бойынша редакциялық алқаның барлық рецензиялары мен шешімдері мақала жіберу барысында метадеректерде көрсетілген негізгі авторға (немесе хат-хабар авторына) жіберіледі. Мақала бойынша барлық материалдар (мақаланың соңғы нұсқасы, рецензиялар, plagiat бойынша есеп және олар болған жағдайда басқа құжаттар) редакция

алқасының отырысына жолданады. Журналда мақаланы жариялау мүмкіндігі туралы шешімді рецензенттердің пікірлері негізінде журналдың редакция алқасы қабылдайды. Редакция алқасынан теріс пікір алған немесе қайтарылған мақалалар қайта қарастыруға қабылданбайды. Мақалалар бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда түпкілікті шешімді журналдың бас редакторы қабылдайды.

9. Жариялау материалдың дайындығына қарай жалпы кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Редакция дайындалып жатқан шығарылымдардың айдарларына сәйкес кезек ретін қалыптастыруға құқылы.

10. Шығарылымның мазмұнын анықтағаннан кейін журналдың техникалық хатшысы мақалалардың мәтіндерін (қазак, орыс, ағылшын тілдерінде) түзету және журналды беттеу жұмыстарын үйлемдастырады.

ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы журналының редакциялық саясаты жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің журнал редакторларына арналған (Committee on Publication Ethics: COPE, promoting integrity in scholarly research and its publication / COPE: Committee on Publication Ethics) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулықта баяндалған, ең басты мынадай талаптарды қамтитын ғылыми мерзімді басылымдардың дәстүрлі этикалық қағидаттарына бағдар береді:

Авторлар үшін:

Мақалаларды редакцияға жіберу авторлардың баспагер, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналда мақалалар басып шығару және оларды кез келген шет тілінде қайта басып шығару құқығына келісімін білдіреді. Қолжазбаны редакцияға жібере отырыш, автор(лар) ешкімнің авторлық құқығын бұзбағанына кепілдік береді. Авторлар журнал баспагеріне, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне шектеусіз мерзімге айрықша құқықтар береді:

- Журнал даналарының таралымын шектемей, туындыны қайта шығару құқығы (туындыны жариялау, жариялау, қайталу, тираждау немесе өзге де көбейту), туындыны кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте көбейту кезінде туындының әрбір данасында туынды авторының(ларының) аты-жөні қамтылатын болады;
 - туындыға қосу құқығы;
 - барша оқырман назарына жеткізу құқығы;
 - метадеректерді пайдалану құқығы (атауы, автордың (құқық иеленушінің) аты-жөні, аңдатпалар, библиографиялық материалдар, туындының толық мәтіні және т. б.).

Жалпы жүргіт назарына тарату және жеткізу, өндеу және жүйелу, сондай-ақ, әртүрлі деректер базасы мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған туындының толық мәтінді нұсқаларына қосу арқылы алынған туындылар.

- Авторлар туындыны қолдану құқығының аясын шектемеуге келісім береді.
- Автор(лар) сондай-ақ, журнал баспагеріне мерзімі бойынша (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және атқаратын қызметі туралы мәліметтер) шектеусіз өзінің дербес деректерін сактау және өндеу құқығын береді. Дербес деректер оларды әртүрлі деректер базалары мен ақпараттық жүйелерде сактау және өндеу, оларды талдамалық және статистикалық есептілікке енгізу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары обьектілерінің дербес деректермен негізделген өзара байланысын күру және т.б. үшін беріледі.
- Автор (лар) зияткерлік менишік обьектілерін, авторлық құқық обьектілерін ғылыми мақалада заңсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық көлемде жауап береді.
- Автор (лар) журнал баспагерінің шыгарманы plagiatқа тексеруге келісімін береді.

• Автор (лар) жіберілетін мақала бұрын еш жерде жарияланбағанын, жіберілмегенін және басқа ғылыми басылымдарға жариялау үшін жіберілмейтінің растайды.

• Автор журнал туралы жалпы ақпаратпен, мақалаларды қарастыру тәртібімен, авторларга арналған нұсқаулықпен, жарияланым этикасын қамтитын журналдың редакциялық саясатымен танысты.

• Ұсынылатын мақалаларға қойылатын талаптар. Мақала редакцияның талаптарына сәйкес рәсімделуі тиіс,

• мақала жөнелту кезінде оның жарияланбауы немесе басқа басылымның қарауында болмауы тиіс,

• түпнұсқа зерттеулердің нәтижелері болуы қажет,

• тек автордың/авторлық ұжымның жұмыс нәтижелерінің қамтылуы (басқа тұлғалардың қосылуына жол берілмейді). Мақала жіберілген кезде барлық авторлар осы журналдағы жарияланыммен келіседі және мақалада авторларды жариялау тәртібіне қарсы емес екені ескеріледі,

• * дәйексөз тізімінде тек зерттеу барысында пайдаланылған рецензияланған дереккөздер болуы керек,

• * мақалада барлық пайдаланылған дереккөздер (соның ішінде, автордың/авторлық ұжымның жұмыстары) көрсетілуі тиіс.

Рецензенттер үшін:

• Журналда жарияланатын мақалалардың сапасын қамтамасыз ету мақсатында екіжақты «жабық» рецензиялау рәсімі пайдаланылады. Рецензент үшін рецензиялау объектісі тек алғынан зерттеулердің нәтижелері болуы керек.

• Рецензиялауға түсken әрбіr қолжазба құпия құжат ретінде қарастырылады. Рецензент өз жарияланымдарында жіберілген қолжазбадағы материалдарды пайдалана алмайды. Рецензент материалды үшінші тұлғаларға тек бас редактордың рұқсатымен ғана жібере алады,

• Рецензент редакцияға жұмыстың объективті бағасын ұсынуы керек, қажет болған жағдайда жіберілген материалды жақсарту нұсқаларын ұсынуы қажет.

• Егер рецензент ол материал тақырыбының маманы болмаса, редакцияға хабарлап, материалды рецензиялаудан бас тартуы қажет.

Редакторлар үшін:

Бас редактор және редакция алқасының мүшелеріне келесідей міндеттемелер жүктеледі:

• мақалалардың сапалық құрамына ерекше назар аудару, журналдың редакция алқасының отырыстарына қатысу, мақала бойынша рецензенттердің шешімдерімен келісім (немесе келісім емес) бойынша өзінің дәлелді шешімін айту, журнал нөмірлерінің мазмұнын анықтау бойынша шешім қабылдау,

• авторлардың географиялық әртурлілігін көнектізу бойынша жұмыс жүргізу, әртурлі үйымдар мен елдерде жұмыс істейтін мамандарды жариялауға шакыру,

• автордың/авторлық ұжымның жынысына, ұлтына, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан қолжазбалардың зияткерлік мазмұнын бағалау.

• қолжазбамен байланысты авторлармен және үйымдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас салдарынан қолжазбаларда кездесін мүдделер болған жағдайда қарастырмай.

Бас редактор:

• техникалық талаптарға сәйкестігі бойынша бастапқы іріктеуден өткен әрбіr келіп түсken мақала бойынша рецензенттерді (тиісті тақырып бойынша ғалымдар немесе мамандар) анықтайды,

• рецензенттердің пікірлері мен журналдың редакция алқасының отырысында ағымдағы нөмірдің мазмұнын анықтау бойынша материалды талқылау негізінде түсken материалды жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

Редакция:

- Журнал редакциясы мақала авторларымен тікелей жұмыс істейді және ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау бойынша авторларға қызмет көрсету агенттіктерімен жұмыс жүргізбейді.
- Редакция авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің этикалық емес мінез-құлқын анықтау кезінде қысқа мерзімде шешім қабылдауға міндетті. Авторлардың әдепке жат қылықтарына авторлар құрамын бұрмалау, жалған ғылыми мәтіндерді жариялау, оларды бұрмалау, дәйексөз көлтірумен айла-шарғы жасау, заңсыз қарыз алу (плагиат), материалды басқа басылымдарға қатар беру жатады.
- Қолжазбаны қарау немесе оны басып шығару алдында дайындау процесінде автордың(лардың) әдепке жат мінез-құлқы анықталған кезде редакция қолжазбаны одан әрі қараудан алыш тастауға және автормен ынтымақтастықты тоқтатуға құқылы. Автордың әдепке жат мінез-құлқы оның мақаласы жарияланғаннан кейін анықталған жағдайда (қатар жариялау, авторлық құқықтарды бұзу, плагиат және т.б. фактілері анықталған) редакция автор (лар) дың әдепке жат мінез-құлқы туралы басқа журналдарды (мақала қатар жарияланған) хабардар ете отырып, журнал сайтынан да, сондай-ақ, мұрағаттау және ғылыми индекстеу базаларынан да мақаланы қайтару (алыш тастау, кері қайтарып алу) туралы шешім қабылдауға құқылы. Редакция жарияланымға байланысты курделі мәселелер (автордың әдепке жат мінез-құлқы, қателіктер және т.б.) анықталмаса, жарияланымды жою (ретрагациялау) туралы негізсіз шешімдер қабылдамауға міндетті.
- Журнал рецензенттері мен редакторларының әдепке жат қылықтарына мақала мәтіндерін авторлардың келісімінсіз басқа журналдарға беру, авторлар материалдарын үшінші тұлғаларға беру, авторлық құқықтарды, редакциялық процестердің қупиялылығы қағидатын бұзу, сондай-ақ, авторлармен және қолжазбамен байланысты үйімдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара іс-қимылдар мен қатынастар салдарынан мүдделердің болуына байланысты материалдарды колдау жатады.
- Қарастырылған қолжазбаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты шағымдар туындаған жағдайда редакция алқасы тиісті жауап шараларын қабылдауға міндетті: ең алдымен, мақала авторынан түсініктеме сұралады. Тергеу автордан қанағаттанарлықсыз жауап алған жағдайда ғана жүргізіледі.
- Жоғарыда айтылмаған авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың ықтимал жағдайлары жариялау этикасы жөніндегі комитеттің ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулықтың (Committee on Publication Ethics: COPE, promoting integrity in scholarly research and its publication / COPE: Committee on Publication Ethics) негізінде шешілтін болады.
- Редакция бас редакторға, редакция алқасы мен редактор мен рецензенттерге журналда жариялауға мүмкіндік береді, бірақ олар өз ережелерін қолдана алмайды. Барлық мақалалар, соның ішінде, арнайы басылымдардың жауапты редакторларының мақалалары да рецензиялау рәсімінен өтеді және журналдың редакция алқасының отырысында қарастырылады.
- Жарияланған мақалаларда қателер (формулаларда, техникалық себептер бойынша көрсеткіштерде) анықталған жағдайда түзетулер туралы ақпарат келесі нөмірлерде орналастырылуы мүмкін.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы» журналына
мақала беруде авторларға арналған
НҰСҚАУЛЫҚ**

Журнал редакциясы авторлардан ережелермен (журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау тәртібін, авторларға арналған нұсқаулықты, жарияланым этикасын қамтитын журналдың редакциялық саясатымен) танысады және журналға жіберілетін

жұмыстарды әзірлеу кезінде осы тәртіпті ұстануды сұрайды. Белгіленген ережелерді ұстанбау мақаланың жариялануын кешіктіреді.

1. Автордың мақаланы редакцияға жіберуі (авторлардың) баспағер Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналда мақала басып шығару құқығына келісімін білдіреді.

2. Редакцияға (ашық журнал жүйесі (OJS) арқылы) мақаланың Word файлдары ұсынылады (бет – А4, барлық жагынан шеттер – 20 мм. Шрифт: Palantino Linotype, өлшемі 12, жоларалық интервал – 1, «қызыл жол» шегінісі – 1,25 см, ені бойынша туралау).

XFTAP <http://grnti.ru/> бірінші жол, сол жақ; автор(лардың) инициалдары мен тегі – ортасына туралау, курсив; ұйымның толық атауы, қаласы, мемлекет (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істесе, автордың аты-жөнінің және тиісті ұйымның касына белгі қою керек; автор(лар)дың электронды поштасы – жақшада курсивпен; мақаланың тақырыбы – ортасына қою қара шрифтпен). Стиль файлын <http://bulphil.enu.kz> журналының веб-сайтынан жүктеп алуға болады.

Авторлар қолжазбаның екі нұсқасын ұсынуы керек, олардың біреуінде авторлар туралы ақпарат (аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы ақпарат) қамтылмауы қажет, себебі «екіжақты жабық» рецензиялауда анонимді мәтін талап етіледі. Сондай-ақ, автор(лар) Ілеспе хат ұсынуы қажет. Мақала файлдарын мақала тақырыбының алғашкы 4-5 сөзімен атау керек (мысалы: 1. Тарбағатай топонимдеріндегі атаулар семантикасы – автормен файл; 2. Тарбағатай топонимдеріндегі атаулар семантикасы – авторсыз файл).

3. Мақала көлемі 2000 (екі мың) сөзден кем емес және 5000 (бес мың) сөзден аспауы қажет. Мақала көлеміне қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде андатпа, түйін сөздер, әдебиеттер тізімі, референс, авторлар туралы мәліметтер есептелмейді. Көрсетілген көлемнен асатын жұмыстар журналдың редакция алқасының айрықша шешімі бойынша ерекше жағдайларда жариялауга қабылданады.

4. Жұмыс мәтіні XFTAP айдарынан басталады. (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат айдары, келесі сілтеме арқылы <http://grnti.ru/>), ары қарай автордың(лардың) аты-жөні мен тегі, ұйымның толық атауы, қаласы, мемлекет, ORCID, автордың(лардың) электронды пошталары, мақаланың тақырыбы, андатпа, түйін сөздер жазылады.

XFTAP айдарынан кейін мақала түрі (**ғылыми мақала, шолу мақала**) көрсетіледі. Андатпа зерттеу мақаласының қысқаша мазмұны және оқырманға мақаланың мәнін тез түсінуге көмектесу үшін қолданылады. Андатпа мақаланың дербес белгілі бола отырып, түсінікті етіп жазылуы керек. Оnda көлемді формуалардың болмауы, мазмұны бойынша мақала атауын қайталамауы, жұмыс мәтіні мен әдебиеттер тізіміне сілтемелер болмауы тиіс, мақаланың қысқаша мазмұны, оның ерекшеліктерін көрсетіп, мақаланың құрылымын сақтауы тиіс. Андатпа оқырманды мақаланы толығымен окуға ынталандыруы керек. Андатпа құрылымы зерттеу объектісін сипаттаудан басталыш, мәселелерді және қолданылған әдістерді, көрнекті нәтижелерді және олардың маңыздылығын баяндау керек. Қажет болған жағдайда белгіленген терминологияны пайдалану керек. Андатпа көлемі 150-200 сөзді құрайды.

Түйін сөздер (5-7 сөзден немесе сөз тіркестері) мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі; зерттеудің пәндей саласын анықтауы; мақала мәтінінде кездесуі тиіс сөздер. Түйін сөздер бір-бірінен үтір арқылы ажыратылады.

Журналдың ықтимал авторлары тақырыптарға сәйкес мақала құрылымы (IMRAD жүйесі: кіріспе, міндет-мақсаттар мен зерттеу әдістері, нәтижелер мен талқылаулар, қорытынды/түжірымдар) туралы келесі ережелерді ұстануы керек.

- *Мақала мәтінін түсінуді қамтамасыз ету үшін қажетті белгілер мен анықтамалар;*

- *Мақала тақырыбы бойынша нәтижелер қашан және қайдан алынганына сәйкес толық сілтемелермен мәселені түжірымдау туралы тарихи ақпарат;*

- Кез келген гылыми жұмыстың ең маңызды бөлігі ретінде мақаланың міндеттін анықтау қажеттілігі мен өзектілігін негіздеу;
- Мақалада келтірілген мәселенің шешімін нақты тұжырымдау және сипаттау;
- Мақала нәтижесі (нәтижелері) жаңалығының толық негіздемесі;
- Ұсынылған нәтижелер толық негіздемелермен қамтамасыз етілуі керек.

Мақала мәтінінен кейін (әдебиеттер тізіміне дейін) автор(лар)дың қосқан үлесі көрсетіледі.

Осы талаптардың бірі сақталмаған жағдайда мақала қарастыруға қабылданбайды.

5. Кестелер жұмыс мәтініне тікелей енгізіледі, олар нәмірленіп, жұмыс мәтінінде оларға сілтеме берілуі тиіс. Суреттер, графіктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нұктелік суреттерді 600 dpi рұқсатымен орындау қажет. Суреттерде барлық мәліметтер, белгілер нақты, айқын көрсетілуі керек.

6. Әдебиеттер тізімінде тек жұмыс мәтінінде сілтеме жасалған дереккөздер (дәйексөз ретінде немесе ағылшын алфавиттің ретімен нәмірленген) болуы керек. Нәтижелері дәлелдемелерде қолданылатын жарияланбаған жұмыстарға сілтемелер жасауға рұқсат етілмейді.

Келтірілген дереккөздердің сапасы мен саны мақаланың өзектілігін көрсетеді. Сондықтан авторларға келесі нұсқауларды орындау ұсынылады: барлық сілтемелерде ағылшын тілінде библиографиялық деректер болуы керек; сілтемелердің кемінде 50%-ы Scopus немесе Web of Science базаларында индекстелуі тиіс; сілтемелердің кемінде 50% он жылдан жоғары болмауы керек, оның жартысы 3 жылдан жоғары болмауы керек; пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі мақала авторлары мен бірлескен авторлары жарияланымдарының рұқсат етілген саны жалпы санның 20%-нан аспауы тиіс.

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу мысалдары (ГОСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері»):

Кітапты рәсімдеу:

а) Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер. Ком. – 1999. – 720 с.

Журнал мақалаларын рәсімдеу:

б) Забродин Ю.М. Методологические проблемы исследования и моделирования функциональных состояний человека-оператора // Вопросы кибернетики. Психические состояния и эффективность деятельности. – 1983. – Т. 3. № 25. – С. 15-21. doi: ... (болған жағдайда).

Конференция материалдарын рәсімдеу:

в) Семенова В.Г. Самостоятельная работа студентов как важнейшая форма организации учебного процесса в рамках компетентностной модели образования // Организация самостоятельной работы студентов: материалы докладов II Всероссийской научно-практической интернет-конференции. – Саратов: Новый проект, 2013. – С. 10-15.

Газет мақалаларын рәсімдеу:

г) Ахметова Н.Р. Психология студенческого возраста // Педагогический вестник. – 2009. – № 12. – С. 4.

Журнал мақалаларын рәсімдеу (ағылшын тілінде):

д) Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. Instructors' attitudes toward active learning //Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects. – 2009. – Vol. 5. – P. 215-232.

Интернет ресурстарды рәсімдеу:

e) Baldwin G. The teaching-research nexus: How research informs and enhances learning and teaching in the University of Melbourne. [Электронды ресурс] – 2005. – URL: <http://www.cshe.unimelb.edu.au/> (қаралған күні: 15.08.2017)

7. Әдебиеттер тізімінен кейін **библиографиялық деректерді** (мақаланың атавы, автордың(лардың) аты-жөні, ұйымның толық атавы, қаласы, елі, мақаланың тақырыбы, андатпа, түйін сөздер) орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тіліндеге рәсімделсе), қазақ және ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тіліндеге рәсімделсе) және қазақ және орыс тілдерінде (егер мақала ағылшын тіліндеге рәсімделсе) көрсету қажет.

8. Содан кейін **әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі** келтірілген. Транслитерация сілтеме бойынша <http://translit-online.ru/> онлайн аудармашыны пайдалану арқылы келтіріледі. Бұл онлайн аудармашы қазақ әліпбійнің өзгеше әріптерінің транслитерациясын жүргізбейді. Мұнда авторлар қазақ мәтінін транслитерациялағаннан кейін келесі ережелерді басшылыққа ала отырып, түзету енгізуі тиіс:

ә	ғ	һ	ө	ү	ұ	қ	і
а	g	n	o	ү	у	k	i

Әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөліктері тіркесімінің мысалы:

Book design:

A) Rubinstejn S.L. Osnovy obshhej psihologii [Basics of general psychology] (Piter.Kom., SPb, 1999, 720 p.). [in Russian]

Journal article design:

B) Zabrodin Ju.M. Metodologicheskie problemy issledovanija i modelirovaniya funkcional'nyh sostojanij cheloveka-operatora [Methodological problems of studying operator functional state modeling], Voprosy kibernetiki. Psichicheskie sostojanija i dejatel'nosti [Questions of cybernetics. Mental status and performance], 3(25), 15-21 (1983). [in Russian]

Conferences proceedings design:

C) Semenova V.G. Samostoyatelnaya rabota studentov kak vazhneyshaya forma organizatsii uchebnogo protsessa v ramkakh obrazovatel'noy kompetentnostnoy modeli [Independent work of students as the most important form of organization of educational process within the educational competence model], Organizatsiya samostoyatelnoy raboty studentov: materialy dokladov II Vserossiyskoy nauchnoprakticheskoy internet-konferentsii, Saratov: Novyy proyekt [Organization of independent work of students: materials of reportsof the II all-Russian scientific-practical Internet-conference, Saratov: New project], 10-15 (2013). [in Russian]

Newspaper articles design:

D) Ahmetova N.R. Psihologija studencheskogo vozrasta [Student psychology], «Pedagogicheskij vestnik» [Pedagogical messenger], 12, 4 (2009). [in Russian]

Article from the journal in English design:

E) Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. Instructors' attitudes toward active learning, Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects, 5, 215-232 (2009).

Internet resources design:

F) Baldwin G. The teaching-research nexus: How research informs and enhances learning and teaching in the University of Melbourne. [Electronic resource] - Available at: <http://www.cshe.unimelb.edu.au.htm> (accessed 15.08.2017).

Егер дереккөздің ресми аудармасы болса және ол ағылшын тілінде де жарияланса, онда әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөлігінің тіркесімінде ағылшын тіліндегі ресми аудармасын көрсету қажет.

Мысалы, мақала:

Баилов Е.А., Сихов М.Б., Темиргалиев Н. Об общем алгоритме численного интегрирования функций многих переменных // Журнал вычислительной математики и математической физики. – 2014. – Т.54. – № 7. – С. 1059-1077.

Ресми аудармасы бар:

Bailov E.A., Sikhov M.B., Temirgaliev N. General algorithm for the numerical integration of functions of several variables, Computational Mathematics and Mathematical Physics. – 2014. – Vol. 54. – Issue 7. – P. 1061-1078.

9. Бұдан кейін авторлардың әрқайсысы бойынша мәліметтер енгізіледі (аты-жөні, ғылыми атағы, мекенжайы, қала, мемлекет, телефон, e-mail - қазак, орыс және ағылшын тілдерінде).

10. Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-си, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік ғимараты, 402 каб. Тел: (7172) 709-500 (ішкі 31-410).

11. Төлемақы. Жариялауға оң қорытынды пікір алған авторлар төменде көрсетілген деректемелер бойынша төлеақы жасауы қажет. ЕҮУ қызметкерлері үшін төлем – 1 бетке 2 000 тенге (электронды нұсқа), 1 бетке 2 500 тенге (электронды және қағаз нұсқасы). Өзге үйымдар үшін – 1 бетке 2 500 тенге (электронды нұсқа), 1 бетке 3 000 тенге (электронды және қағаз нұсқасы).

Реквизиттер:

НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
БИН 010140003594

1) АО "Банк ЦентрКредит"

БИК Банка: KСJВKZKX

KZ978562203105747338

Кбe 16

Кпп 859 – мақала үшін

2) АО «Bank RBK»

БИК Банка: KINCKZKA

ИИК: KZ498210439858161073

Кбe 16

Кпп 859 – мақала үшін

3) Төлемді Kaspi.kz қосымшасы арқылы жүргізуге болады.

Kaspi.kz -> Төлемдер -> Білім -> ЖОО және колледждер -> Оқу орнының атауы (ЕҮУ) ->

1. Төлем түрі – мақалалар мен жарияланымдар

2. Факультет – Филология факультеті

3. Мамандық – журнал номері (мысалы 2(141)/2022)

4. ЖСН – төлем жасаушының ЖСН

5. ФИО – автордың аты-жөні

6. Түсініктемелер – журнал сериясы

XFTAP 06.81.23
Мақала түрі

Мақаланы рәсімдеу үлгісі

С.К.Искендерірова¹  С.Ж.Зейнолла² 

¹ А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Казақстан

² Казақстан-Неміс университеті, Алматы, Казахстан

(E-mail: visken@mail.ru; zeinolla@mail.ru)

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0000-0000-0000>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0000-0000-0000>

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін бағалау және оның сапасын басқару мәселелері

Аннотация. Бұл зерттеу мақаласының қысқаша мазмұны және оқырманға мақаланың мәнін тез түсінуіне көмектеседі. Көлемі – орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде кемінде 150 және 200 сөзден аспайды. Аннотация құрылымы келесі тармақтарды қамтиды:

- Зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сез.
- Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеясы.
- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызының қысқаша сипаттамасы.
- Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы.
- Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары.
- Жүргізілген зерттеудің мәні (осы жұмыстың, тиисті білім саласына қосқан үлесі).
- Жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні.

Түйін сездер: сез, сез, сез, сез, сез.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x>

Түсті: 00.00.2023; Жөнделді: 00.00.2023; Макұлданы: 00.00.2024; Онлайн қолжетімді: 00.00.2024

Кіріспе

Тақырыпты таңдаудың негіздемесі; тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі.

Алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін сипаттау негізінде тақырыпты таңдауды негіздеуде проблемалық жағдайын болуы (қандай да бір зерттеулердің болмауы, жаңа обьектінің пайда болуы және т.б.) туралы хабарланады. Тақырыптың өзектілігі осы нысанда зерттеуге деген жалпы қызығушылықпен анықталады, бірақ бар сұраққа толық жауаптардың болмауы тақырыптың теориялық, немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді.

* Хат-хабар үшін автор

Добавлено примечание ([A1]): Мақала IMRAD құрылымы бойынша құрылады: кіріспе (міндеттер, мақсат, тарихы), зерттеу адістері, талқылау/нәтижелер, қорытынды.

Добавлено примечание ([A2]): Мақала түрі көрсетіледі: ғылыми мақала немесе шолу мақаласы

Добавлено примечание ([A3]): Хат-хабар үшін автор * белгісімен белгіленіп, ескертпе (бет астында) ретінде көрсетіледі

Добавлено примечание ([A4]): Белгішеге автордың ORCID идентификаторына сілтеме енгізіледі, немесе мемлекет атауынан кейін ORCID: <https://orcid.org/0000-0000-0000-0000> улғасымен беріледі

Добавлено примечание ([A5]): Эл.пошталардың сілтемесі белсенді болмау керек.

Добавлено примечание ([A6]): XFTAP через grnti.ru сайтынан алынады.

Бет - A4, кітап бағыты, барлық жағынан шеттер - 20 мм, қаріп: *Palatino Linotype*, өлшемі - 12, жоларалық интервал - 1, «қызыл жол» шегінісі - 0 см, ортасы бойынша туралу.

Добавлено примечание ([A7]): Түйін сездер 7 сезден немесе сез тіркестерінен көп емес болу керек. Мақаланың негізгі мазмұнын көрсетіүі, зерттеудің пәнді саласын анықтауды, мақала мәтінінде кездесуі керек. Түйін сездер бір-бірінен үтірмен болінеді.

Добавлено примечание ([A8]): қаріп: *Palatino Linotype*, өлшемі - 12, жоларалық интервал - 1, «қызыл жол» шегінісі - 0 см, ені бойынша туралу

Добавлено примечание ([A9]): Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаны, түйін сездерді, библиографиялық тілімді есепке алмағанда) кемінде 2 000 сезді қурауды және 5000 сезден аспауы тиіс. Параметрлер:

Бет - A4, кітап бағыты, барлық жағынан шеттер - 20 мм, қаріп: *Palatino Linotype*, өлшемі - 12, жоларалық интервал - 1, «қызыл жол» шегінісі - 1,25 см, ені бойынша туралу.

Нысанда, тақырыпты, мақсат пен міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезаны және жұмыстың мағынасын анықтау. Зерттеудің мақсаты тезисті дәлелдеумен, яғни автордың таңдаған аспектісіндегі зерттеу тақырыбын ұсынумен байланысты.

Әдебиеттерге шолу (Literature review) бөлімінде зерттелетін тақырыбы бойынша шетелдік авторлардың іргелі және жаңа енбектері, олардың ғылыми үлестері түрғысынан осы енбектерді талдау, сондай-ақ зерттеудегі олқылықтар қамтылуы тиіс.

Шығармаға қатысы жоқ көптеген сілтемелерге немесе автордың өз жетістіктері туралы орынсыз пікірлерге, автордың алдыңғы жұмыстарына сілтеме жасауга жол берілмейді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ, қолданылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы керек.

Зерттеу материалының сипаттамасы оны сапалық және сандық түргыдан ұсынуды қамтиды. Материалдың сипаттамасы – тұжырымдар мен зерттеу әдістерінің дұрыстығын анықтайтын факторлардың бірі.

Бұл бөлімде мәселенің қалай зерттелгені сипатталады: бұрын жарияланған процедураларды қайталаңай-ақ егжей-тегжейлі ақпарат; материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде міндетті түрде жаңалық енгізе отырып, зерттеу құралын (бағдарламалық жасақтаманы) сәйкестендіру және материалдарды сипаттау қолданылады.


Ғылыми әдіснама мыналарды қамтуы керек:

- зерттеу сұрақтары;
- ұсынылған гипотеза (тезис);
- зерттеу кезендері;
- зерттеу әдістері.

Нәтижелер мен талқылау

Нәтижелер мен талқылау – мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі. Бөлімде зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау жұмысы жүргізіледі. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша қорытындылар ұсынылады, зерттеудің негізгі мәні ашылады. Бұл бөлімде жұмыс нәтижелерін нақты талдау және алдыңғы жұмыстармен, талдаулармен және қорытындылармен салыстыра отырып тиісті нәтижелерді талқылау қажет.

Кестелер тікелей жұмыс мәтініне енгізіледі. Олар нөмірленіп, жұмыс мәтінінде оларға сілтеме жасалуы керек. Суреттер, графіктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нұктелік сызбалар 600 dpi ажыратымдылығымен орындалуы керек. Суреттерде барлық мәліметтер нақты көрсетілуі керек. Мысалы,



2-сурет. ЖОО студенттерін, қабылдау, бітіру және сандық динамикасы
Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

1-Кесте. Келген елдер бөлінісінде шетелдік студенттердің саны [14]

Келген елдер	2017	2018	2019	2020	2021
Өзбекстан	3 683	9 500	25 964	15 642	14 404
Индия	3 500	3717	4450	4220	5 987
Түркменстан	1 320	2 615	3 176	2 795	2 795
Ресей Федерациясы	1 075	1 273	1 247	1 298	1 263
Монголия	439	565	888	1128	1010
Қытай	1290	1240	807	871	811
Қыргызстан	1 026	1 026	1 026	1 067	659
Иордания	60	62	228	515	546
Басқа елдер	1 505	1 671	1 683	1 533	1 462

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

Қорытынды

Қорытынды – осы кезеңдегі жұмысты тиянақтау және қорытындылау; автор айтқан тұжырымның ақыратын растау және алынған нәтижелерді ескере отырып жасаған автордың қорытындысы. Қорытындылар дерексіз болмауы керек, олар ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып, белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін сипаттау үшін пайдаланылуы керек.

Мұдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Қаржыландыру көздерін және басқа жарналарды, алғыс айтуды, мұдделер қақтығысын көрсетініз.

Авторлардың қосқан үлесі. Бұл бөлімде мақаладағы жұмыста әр автордың қосқан үлесі көрсетілуі керек. Жұмысқа қосқан үлесі – онсыз жұмыстың бір бөлігі немесе жалпы жұмыс аяқталмайтындаидай немесе мақала жазылмайтындаидай зияткерлік

инвестиция. зерттеуге қосқан үлесі келесі өлшемдерге негізделген адамдар мақала авторы бола алды:

- мақаланың тұжырымдамасына немесе рәсімделуіне елеулі үлес; зерттеу нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру;
- мәтін жазу және / немесе оның мазмұнын сыйни түрғыдан қайта қарастыру;
- жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту;
- жұмыстың барлық аспекттері үшін жауапты болуға келісім беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты мәселелерді дұрыс зерттеу және шешу.

Мақаланың дайындауда басқа рөл атқарған адамдар мақаланың «Алғыс / Acknowledgements» бөлімінде көрсетілуі мүмкін.

Бұл бөлімнің үлгісі авторлардың өз қалауынша көрсетіледі, яғни мақаланы жазу барысында әр автордың үлесін, оның мақала дайындалған кезінде атқарған жұмысын көрсетуге болады. Жекелеген мақалаларда экспериментті орындауда қосқан үлесі бар телавторлар үшін жүргізілген эксперименттік жұмыстың жекелеген кезеңдерінің атауын көрсету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметжанова С.Б. Қазақстандағы жогары білім: даму мәселелері мен перспективалары // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ хабаршысы. Химия сериясы. География. Экология. – 2016. – №5. – Б.10-18. DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x>

Добавлено примечание ([A10]): Библиографиялық сілтемелерді жобалау үшін – Mendeley Reference Manager құралын пайдалану керек (ФОСТ стилі)
Қала атаулары толығымен жазылады

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтетін жыл сайынғы тамыз конференциясы, 16.08.2019. – [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.zakon.kz/redaktsiya-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html> (қаралған күні: 25.07.2023)

Добавлено примечание ([A11]): журнал

3. Tsinidou M., Gerogiannis V., Fitisilis P. Evaluation of the factors that determine quality in higher education: An empirical study // Quality Assurance in Education. – 2010. – №18(3). – Р.227-244. DOI: <https://doi.org/10.1108/09684881011058669>

Добавлено примечание ([A12]): Электрондық ресурс

4. Гректер Б. Тарих және кино. Қеңестік тарихи фильм. – Москва: Госкиноиздат, 1939. – 119 [б.]

Добавлено примечание ([A13]): ғылыштың тіліндегі журнал

5. КСРО Министрлер Қеңесінің «КСРО ПМ балалар колонияларының мазмұнын жақсарту шаралары туралы» қауымсы // КСРО ҚҚ Президиумының заңдары мен жарлықтарының жинағы, 1938-1958 ж. – Мәскеу, 1958 ж. – 604 б.

Добавлено примечание ([A14]): кітап
Қала атаулары толығымен жазылады

6. Караганда. Карагандинская область: Энциклопедия / Р.Н. Нургалиева редакциясымен. – Алма-Ата, 1986. – 608 [б.]

Добавлено примечание ([A15]): әдебиеттік және нормативтік құжаттар

7. Ромашова М.В. Исключение из правил: советские детские дома в послевоенное десятилетие // Астафьевские чтения: конференция «Время «веселого солдата»: ценности послевоенного общества и их осмысление в современной России». – Пермь, 2009. – С. 108-116.

Добавлено примечание ([A16]): энциклопедия

8. Ромашова М.В. Советское детство в 1945 – середине 1950-х гг.: государственные проекты и провинциальные практики: на материалах Молотовской области: автореферат дис... канд. ист. наук – Пермь, 2006. – 21 [б.]

Добавлено примечание ([A17]): Конференция материалдары

Добавлено примечание ([A18]): диссертация авторефераты

Мақаланың негізгі мәтіні мен әдебиеттер тізімінен кейін ағылшын тілінде және қазак/орыс (мақаланың жазу тілінен басқа тілде) мақала атаулары мен аннотациялар беріледі.

Әдебиеттер тізімінде кириллица қарпімен ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, әдебиеттер тізімін екі нұскада ұсыну қажет: бірінші – түпнұсқада (Әдебиеттер тізімі), екінші – романизацияланған алфавитпен (транслитерация) (Референс). Романизацияланған әдебиеттер тізімін транслитерациялау <http://www.translit.ru> сайтына сәйкес рәсімделеді. Әдебиеттер тізімі екі нұскада берілген жағдайда екі нұсқаның

С.К. Искендирова^{*1}, С.Ж. Зейнолла²

¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

² Казахстанско-немецкий университет, Алматы, Казахстан

Проблемы оценки и управления качеством системы высшего образования Казахстана

Ключевые слова: слово, слово, слово, слово, слово (5-7 слов).

S.K. Iskendirova^{*1}, S.Zh. Zeynolla²

¹ L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

² Kazakh-German University, Almaty, Kazakhstan.

Добавлено примечание ([A19]): қарп: *Palatino Linotype*, өлшемі – 12, жоларалық интервал – 1, «қызыл жол» шегінісі – 0 см, ортасы бойынша тұрадау.

Problems of assessment and management of the quality system of higher education of Kazakhstan

Key words: word, word, word, word, word (5-7 words).

References

1. Ahmetzhanova S.B. Vysshee obrazovanie v Kazahstane: problemy i perspektivy razvitiya [Higher Education in Kazakhstan: Problems and Prospects of Development]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Chemistry. Geography. Ecology Series, 5, 10-18 (2016), DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x>. [in Russian]
 2. Ezhegodnaya avgustovskaya konferenciya s uchastiem glavy gosudarstva Kasym-ZHomarta Tokaeva, [Annual August conference with the participation of President Kassym-Jomart Tokayev]. – Available at: <https://www.zakon.kz/redaktsiya-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html> (accessed 25.07.2023)
 3. Tsiridou M., Gerogiannis V., Fitsilis P. Evaluation of the factors that determine quality in higher education: An empirical study. Quality Assurance in Education, 18(3), 227-244 (2010), DOI: <https://doi.org/10.1108/09684881011058669>

4. Grekov B. Istoriiia i kino. Sovetskii istoricheskii film [History and cinema. Soviet historical Film] (Moscow, 1939, 119 p.) [in Russian].
5. Postanovlenie Soveta Ministrov SSSR «O merakh po uluchsheniiu soderzhaniiia detskikh kolonii MVD SSSR» [Resolution of the Council of Ministers of the USSR "On measures to improve the maintenance of children's colonies of the Ministry of Internal Affairs of the USSR"]. Sbornik zakonov i Ukarov Prezidiuma VS SSSR, 1938-1958 gg. (Moscow, 1958, 604 p.) [in Russian].
6. Karaganda. Karagandinskaya oblast: Entsiklopediya [Karaganda. Karaganda region: Encyclopedia] (Alma-Ata, 1986, 608 p.) [in Russian]
7. Romashova M.V. Iskliuchenie iz pravil: sovetskie detskie doma v poslevoennoe desiatiletie [Exception to the rule: Soviet orphanages in the post-war decade] (Perm, 2009. – pp. 108-116) [in Russian]
8. Romashova M.V. Sovetskoe detstvo v 1945 – seredine 1950-kh gg.: gosudarstvennye proekty i provincialnye praktiki: na materialakh Molotovskoi oblasti [Soviet childhood in 1945 – mid-1950s: state projects and provincial practices: based on the materials of the Molotov region] (Perm, 2006, 21 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Искендирова Сауле Касымовна – хат-хабар үшін автор, филологияның кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: isken@mail.ru, ORCID: 0000-0000-0000-0000.

Зейнолла Анар Жұматай – PhD докторант, Қазақстан-Неміс университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: zeinolla@mail.ru, ORCID: 0000-0000-0000-0000.

Искендирова Сауле Касымовна – автор для корреспонденции, кандидат экономических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0000-0000-0000.

Зейнолла Анар Жұматай – PhD докторант, Казахстанско-Немецкий университет, Алматы, Казахстан. E-mail: zeinolla@mail.ru, ORCID: 0000-0000-0000-0000.

Iskendirova Saule Kasymovna – corresponding author, Candidate of Philology, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: isken@mail.ru, ORCID: 0000-0000-0000-0000.

Zeinolla Anar Zhumatay – PhD student, German-Kazakh University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zeinolla@mail.ru, ORCID: 0000-0000-0000-0000.

Добавлено примечание ([A23]): Қала атаулары толығымен жазылады. Ең алдымен жақшаның ішіне "баспаңың атауы, қала атауы, жыл, беттер саны" ретімен жазылады.

Добавлено примечание ([A24]): «Reference» белгімінен кейін З тілде «авторлар туралы мәлімет» беріледі.

«Авторлар туралы мәліметте» барлық деректерді көрсету қажет: автордың/ автор(ар)даны толық аты-жөні - хат-хабар үшін автор, ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны (ұйымның атауы), қаласы, мемлекеті. Электронды поштасы, ORCID немірі.

Добавлено примечание ([A25]): Мәліметтерді беру реті мақаланың жазу тіліне байланысты: 1) қаз. т. (мақаланы жазу тілі), ағылшын, орыс; 2) ағ. т. (мақаланы жазу тілі), қаз., орыс т. 3) орыс т. (мақаланы жазу тілі), қаз., ағылшын тілдері.

Рецензия дайындау бойынша нұсқаулық

Күрметті рецензенттер!

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы» журналының ғылыми жарияланымдарының сапасын қамтамасыз етуге қосқан үлесініз үшін алғыс білдіреміз. Төменде журналға ұсынылған материалдарды бағалау үшін негізгі ұсыныстар мен шолу құрылымы берілген.

Рецензия мақсаттары:

- Мақаланың өзіндік ерекшелігін, түпнұсқалығы мен ғылыми жаңалығын бағалау.
- Мақала мазмұнының журналдың тақырыбына және мақсат-міндеттеріне сәйкестігін тексеру.
- Мәтін сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар беру.
- Жариялау мүмкіндігі туралы шешім қабылдау.

Рецензиялау бойынша жалпы талаптар

1. Объективтілік және бейтараптық. Мақаланы талдаған кезде жеке немесе кәсіби мүдделерінізге жол бермеңіз.
2. Құпиялыштық. Мақаланың мазмұны немесе (көрсетілген жағдайда) авторлардың деректері туралы ақпаратты таратпаңыз.
3. Конструктивтілік. Ескертулерініз анық, түсінікті болу керек және жақсарту бойынша нақты ұсыныстар берілу керек.

Бағалау критерийлері

Барлық ғылыми мақалалар келесі үш критерий бойынша 100 балдық шкала бойынша бағаланады:

	Өте тәмен (0-20 үпай)	Тәмен (21-40 үпай)	Орташа (41-60 үпай)	Жоғары (61-80 үпай)	Өте жоғары (81-100 үпай)
a) зерттелетін мәселенің өзектілік дәрежесі					
b) алынған нәтижелер деңгейі - ғылыми салаға қосқан үлесі					
c) мақаланың оқылуы, маман емес адамдар үшін мақаланы оку ынғайлышы					

Жұмыстарды қарастыруға көмектеседі:

- Автор қойған мәселе қаншалықты өзекті болып келеді?
- Мақала жаңа ғылыми мәселені жеткілікті түрде ашады ма, әлде бұрыннан бар мәселелеге үлесін қосады ма?
- Мақала журналдың тақырыбына сәйкес келе ме?
- Мақаланың құрылымы мен мазмұны. Материал логикалық және дәйекті түрде берілген бе?
- Мақаланың мазмұны аталған мақсат-міндеттерге сәйкес келе ме?
- Мақаланың бөлімдері (кіріспе, әдістеме, нәтижелер мен талқылау, қорытынды) ғылыми стандарттарға сәйкес келе ме?
- Зерттеу әдістері қаншалықты дұрыс қолданылған және негізделген?

- Жұмыста дереккөздерге сілтемесіз қолданылған материалдар (плагиат) бар ма?
- Жұмыста ғылыми стиль сакталған ба?
- Тұжырымдамалар дәл әрі нақты берілген бе? Түсініксіздік жайттар кездеседі ме?
- Грамматикалық немесе стилистикалық қателіктер бар ма?
- Мақалада нақты кемшіліктер немесе әлсіз жақтар бар ма?

Мәтінді жақсарту үшін қандай өзгерістер енгізу керектігін көрсетіңіз.

Мақаланы нақтылау бойынша ұсыныстар беріңіз (қажет болса).

Егер сіз мақаланы мудделер қақтығысына байланысты бағалай алмасаңыз, редакцияға хабарланызы.

Егер мақала сіздің құзыретіңізден тыс болса, рецензия беруден бас тартыңыз.

Назар аударыңыз!!!

- Барлық шолулар **жасырын түрде** беріледі.
 - Рецензент өзінің жеке деректерін қандай да бір түрде көрсетпейі тиіс.
- Ынтымақтастық үшін және ғылымның дамуына қосқан үлесіңіз үшін раҳмет!

Рецензия формасын келесі беттен қарашыз...

«_____»

тақырыбындағы**№ _____ (тіркеу нөмірі) мақалага**
ШКР / РЕЦЕНЗИЯ**1. Мақала мәселесінің сипаттамасы:****Мәтінді осы жерге төріңіз...**

2. Зерттелетін мәселенің өзектілігін, ұқсас зерттеулермен салыстыруды, зерттеу әдістерін, нәтижелерді және автордың мақалада ашқан маңызды аспектілерін қамтитын мақала талдауы (қажетінде орай төмендегі боксты толтырыңыз):

Мәтінді осы жерге төріңіз...**2. Бағалау**

Жоғарыда айтылғандарга сүйене отырып (100 балдық шкала бойынша бағалау):

	Өте төмен (0-20 үпай)	Төмен (21-40 үпай)	Орташа (41-60 үпай)	Жоғары (61-80 үпай)	Өте жоғары (81-100 үпай)
a) зерттелетін мәселенің өзектілік дәрежесі					
b) алынған нәтижелер деңгейі - ғылыми салаға қосқан улесі					
c) мақаланың оқылуы, маман емес адамдар үшін мақаланы оку ынғайлышы					

3. Қорытынды**Мәтінді осы жерге төріңіз...****4. Ұсыныс**

Біреуін таңдаңыз:

- Материалды қабылдау
- Қосымша өндеуді талап етеді
- Рецензиялауга қайта жіберу
- Басқа жерге жіберіңіз
- Мақаланы қабылдамау

Күні: «_____» _____ 20 ____ г.

Осы рецензияда менің жеке деректерім жок екенін, сондай-ақ рецензияның жасырын түрде ұсынылғанын раставмын.